

ӘОЖ 821.512.122

АКАДЕМИК ҚАЖЫМ ЖҰМАЛИЕВТІҢ ПОЭЗИЯЛЫҚ МҰРАСЫ
(«Қырдағы күрес» өлеңдер жинағының негізінде)

Жарасканова Аяжан Ганиевна

ayazharaskan@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ магистранты,
Нұрсұлтан қ., Қазақстан

Академик-жазушы Қажым Жұмалиевтің шығармашылық қырының бірі – оның ақындығы. Әдебиет сүйер қауымның көпшілігі оны тек теоретик-әдебиетші, ұстаз, ғалым сынды қырларын жақсы таныған. Бірақ, оның ақындық қыры туралы барлығы бірдей біле бермейді. Білген күнің өзінде, ақын өлеңдерінің терең сырларының тамырын басып, үңіле қараған емес.

Қ.Жұмалиев ақындық шығармашылығы Алматыдағы Абай педагогикалық институтында оқып жүрген кезінде бастайды. Жас ақын Қажымның алғашқы «Батырақ Алиасқарды» өлеңі 1928 ж. «Лениншіл жас» газетінде жариялаған болса, оқу бітіретін 1932 ж. «Жаңа әдебиет» журналында «Егізбай мен Ерқожа» поэмасы жарық көрген.[1, 9 б.].

1932 жылы Орынбордан көшіп Орал келген Халық ағарту институтының негізінде жаңа педагогикалық институт құрылып, жас маман осы оқу орнына оқытушылық қызметке жалданады. Осында қызметте жүрген жылдары жазушылар ұйымын ұйымдастырып, оның құрамында Қасым Аманжолов, Хамит Ерғалиев сынды бірқатар талантты ақын-жазушылардың басын біріктіреді.

Оралда жүрген кезінде ол шығармашылықпен белсенді айналысты. Нәтижесінде, «Шабуыл» атты тұңғыш өлеңдер жинағы 1933 жылы жарыққа шығады. Жинаққа «Қайлашы», «Алатау», «Турксиб», «Польша жұмысшыларының уәкілдері келгенде», «Шымырлап еңбек қайнайды», «Балапан», «Конфиске жазы», «Бас, трактор, маршқа» атты 1929 жылдан бері

жазылған өлеңдері мен бірнеше поэмалары енді. Келесі жылы жас ақынның прозалық туындысы, «Қанды су» атты он бөлімнен тұратын романы жарық көрді.[1, 9 б.].

Осы жылдардағы Қ. Жұмалиевтің өмірінің басым бөлігін оқу-ағарту ісіне, ұстаздық қызметке, әдебиеттің ғылыми-теориялық жұмыстарына арнағанымен, ара –тұрасында шығармашылықпен де айналысып тұрады. Осылай, ақынның 1938 жылы «Өмір жыры» деген екінші өлеңдер жинағы шыққан. Ол жинаққа «Қыс пен жылқышы», «Кім едік кеше, кім болдық», «Қызыл ер», «Көсем туралы жыр», «Дауылпаз» атты өлеңдері мен «Жылқышы» поэмасы енді. Содан біраз жылға кейін 1942 жылы «Айқас» повесін жариялайды.[1, 10 б.].

Қ.Жұмалиев көбіне Октябрь революциясын, ауыл кедейінің ауыр күйін, өндіріс тақырыбын жырлады. Осы жылдардағы шығармашылығыда ақын әсіресе революция тақырыбы жан-жақты қырынан ашуды мақсат етеді. Революцияның қозғаушы күштерін болсын, таптық көзқарас тұрғысынан болсын, большевиктік позицияны нақ ұстана отырып, советтердің мақсат-міндеттерін барынша ашып көрсетуге талпыныс жасайды. Әрине, революция көсемі В. Ленин туралы жазылған өлеңі де замана үрдісі ретінде қабылдауымыз керек. Осы өлеңдерінде ол қарапайым халық пен үстем тап өкілдерінің арасындағы айықпас араздықты жайлы, қызыл армия мен советтік интеллигенция атынан түсіндіруге талпыныс жасайды. Азамат соғысындағы екі жақтың ағын ақтап, қарасын даттап, әрқайысының түсін түстеп бағасын беріп, толғанысын негізінде мәнін көрсетеді.

1957 жылы ақын-жазушының 50 жасқа толуына орай «Қырдағы күрес» жинағы шықты. Жинаққа: «Қызыл ер», «Алатау», «Дауылпаз», «Түрксіб», «Машинист», «Алынбас қамал» өлеңдері, «Қырдағы күрес», «Жылқышы», «Махамббат пен достық» поэмаларымен қатар, «Қыс пен жылқышы» айтысы, Лермонтовтан аударған «Қарақшы» («Қорсар») поэмасы мен «Сал Біржан, ақын Сара» либреттосы енді. Енді осы жинаққа кіргізген ақын туындыларына тоқтала отырып, мән мағынасы мен көркем ерекшеліктерін қарап көрсек.[1, 7 б.].

«Қырдағы күрес» жинағы ақын-жазушының ең ауқымды, әрі шоқтығы биік туындысы – «Қырдағы күрес» поэмасы, пролог пен эпилогы бар жеті бөлімнен тұрады. Прологта ақын туған жердің эстетикалық әдемілігін және соны жырлаған ақындардың поэтика тілін сөз етеді. Бірақ, туған жерін қанша әндеріне қосса да, қырды суреттеген бір де бір ақынның жоқтығына оны қынжылтады.

Туралап кейде қырға шықса да ақын,

Ат басын тауға қарай бұрмалайды.[2, 8 б.],

деп қырдың сырын ұғына алмай жүрген, оған соншалықты сонша мән бере қоймаған ақындарды сынайды. Сол қырдың терең сырларын жырына – өзек, ойына – азық етіп алып, Октябрь революциясының аясында жырлайтынын атап өтеді.

Қырдың қош иісті сан түрлі гүлдерін жинап, оқырманның ойына өруге ниеттенген ақын, поэманың бірінші бөлімінде туған жері – жазғы Оралдың бір шұрайлы көрінісінен бастайды. Оқиға желісі Оралдың Көлқамыс деген қырдағы ауылында мал баққан жетім жігіт Сәлім тағыдырының төңірегінде өрбиді. Екі бауырын асырау үшін Сәлім әке-шешесін өлтірген Мұқанның байдың құлдығында жүрген малшысы. Мұқаң – мейірімсіз, пасық, надан, кедейлердің ақысын жеп, зорлық пен зомбылық көрсетіп жүрге жауыз, үкімет өкілдеріне жалпақтаумен күнелтіп жүрген қу ауылнай.

Поэмада Сәлімнің Мұқаннан көрген азабы, жеген таяғы, ажалдың азынаулақ қана алдына жүрген мүшкіл күйі суреттеледі. Екі образды суреттеу барысында ақын, өзге де жағдайларды бейнелейді. Мәселен, сол Сәлімнің басынан өткен кедей теңсіздігі, түрме зардабы, ақтар мен қызылдар соғысындағы шаруалар жайы сынды мәселелерді ашып айтады. Тарыдай шикі Сәлім уақыт өте келе қым-қиғаш тағдырының тосын сыйының арқасында, түбінде Мұқанға есесін қайтарады. Бірақ сол есеіні қайтару жолында не бір көрмеген азабы, өлшеусіз қорлығы қалмады.

Сәлім де, Мұқан да жиынтық образдар. Бейімбеттің – Мырқымбайы секілді, Қажымның – Сәлімі де сол кездегі ауыл кедейінің аянышты хәлі көрсетілген. Сәлім сияқты болыстардан таяқ жеп, соларға жем болып, ақысын ала алмай, жыл он екі ай жұмысына бір тоқты алғанға көніп жүрген кедейлер қазақтың әр ауылында кездесетіні де рас еді. Мұқаң секілді, сөйлеуге қауқары жоқ шаруа халықтың еңбегін құн көрмей, кедейді сорлыны иттей құрлым көрген, көзін шел, жүрегiнен қара дақ басқан байсымақтар да кез келген ауылдан табылған-ды. Көлқамыста орын алған қанды оқиғалар сол жылдардағы қазақ ауылында белең алған жағдайлардан хабардар етеді.

Өмір толқындарының иіріміне қарай басын тауға да, тасқа да соққан қайран қазақтың кедейлері талай ұлықсымақтың ойына келген шатағының құрбаны болды. Таңдауға құқы, сөйлеуге үні, айтуға дауысы жоқ Сәлім сияқты момын шаруаны бейнесі арқылы анық көресің. Бір ғана адамның тағдыры қанша жұртың өмірінен хабар береді. Өмір үшін болған ұзақ жылғы арпалысы соңы Сәлімдерге жеңіс дәмін де татыртады.

Соғыс кімге де болсын оңай соқпайтыны анық. Әсіресе соның ішінде зардап шегетін кедей шаруа. Кім үшін, не үшін соғысып жүргенің бірде түсініп бірде түсінбей жүрген халық, нәтижесінде, қандай сыйға ие болмақ?! Ақын сол бір мәселені:

Патшы түсті «бостандық», туды «теңдік»,
Кенелеміз, түрмеден шықсақ есен» -
Деуші еді, тізгін әлі бай қолында,
Кедейдің байларменен қай жері тең? [2, 50 б.],

деп, өмірлері қор болған талай тағдырына үмітпен қараса, арпалыстың тозақ отына түсіп, халқы үшін жандары қиылған қара бауыр қасқалдақтардың бұл соғыстан ұтқаны налог пен күнелтетін жалғыз сиыр ғана екеніне өкініш танытады.

Ақынның айтуынша, кедейлерді сондай әділетсіздіктің қақпанынан құтқарып алған сол кездің рухани көсемі – В. Ленинді Қ.Жұмалиев:

Күн ғой – Ленин әлемге нұрын сепкен,
Сәулесі орын алды сан жүректен.
Қазақ, қырғыз, өзбек, әрмян, тәжік –
Нұрына бөленді оның – азап шеккен.
Жетті оған сенің де үнің, сорлы шеккен.
Жетті оған сенің де үнін, сорлы тұтқын,
Құрғатар күні ертең-ақ жасты төккен! [2, 59 б.],

деп, ақынның оған аса құрметпен қарап, мақтап-мадақтағаны байқалады. Лениннің саясаты сол кезде кедейлердің тұрмысын дұрыстап, бай мен арадағы теңсіздікті жойғаны сөз етіледі. Ақынның Ленинге осыншама асқан мадақтар келтіруі сол кездегі идеологиялық саясаттын ықпалынан болуы керек деп топшалаймыз.

Ақынның «Жылқышы» поэмасы көлемі жағынан қысқа небәрі төрт бөлімнен тұратын поэма. Негізгі әңгіме желісі колхоз жылқышысы жайында. Ақын жылқышының атын атамайды, жай ғана жылқышы деп алып оның тұрмысын суреттейді. Жылқышы еңбегінің ең бір ауыр тұстары қыста болатыны анық. Ақын Қ.Жұмалиев табиғат құбылыстары арқылы психологиялық параллелизм әдісін ұтымды пайдаланады. Алдымен қыстың боранды түнін барынша суреттеп, сол бір даулы боранның арасында жылқыларымен арпалысып, қасқырмен күресіп жүрген жылқышының жайынан хабар береді. Солай күнелткеніне 3 күндей уақыт болып, жерге асы болмаса да, ауылға қайырылып қайтпайды. Жан қайғы емес, мал қайғысын алдыға қойған жылқышының қайсарлығы мең өжеттілігі тәнті етеді. Өзінің емес, калхоздың малы екенің ескерсек, жылқышының жаңкешті ерлігі сөзсіз үлкен құрметке ие болары анық.

Жылқышының аты аталмағанына қарағанда поэмадағы «жылқышы» жиынтық образ. Шығарманың ең бір ұтымды тұстарының бірі осы, себебі, ақын сол бір жылқышы арқылы күллі

қазақ елінің колхоз жылқышыларының күйін білдіртіп тұр. Поэмада «жылқышының» эмоциясы білінбейді, оның ойы, сөздері, уайымы мүлдем айтылмайды. Әйтсе де, психологиялық параллелизм арқылы берілген табиғат күшімен айқасып жатқан жылқышының көрінісінен ақ, оның әбден қиналып, шаршағаны байқалып тұр. Бұны да туындының ерекше тұсы ретінде қарастыруымызға болады.

«Қыс пен жылқышы» айтысы, жылқышы тақырыбында жырлаған тағы бір туынды. Осыдан – ақ жылқышының ең мықты ескі жауы – қаһарлы қыс екенің түсінесін. Неге ақын жазды, болмаса, күз бен көктеммен айтыстырмады? Оның себебі міне осында болса керек. Айтыста ақын қысты Абай секілді кәрі шалдың образында берсе, жылқышыны жас жігіттің образында ұсынады. Жылқышы:

Мал демей, адам демей іштің қанын,
Талайдың мезгілсіз-ақ алдың жанын,
«Ит», «доңыз», «жалпақ – қоян» атақ алып,
Талайдың тамағына қармақ салдың.[2, 111 б.],

деп, малдың, жанның қырғынын, елдің кесепатын осы кәрі қыстан көреді. Бірақ бүгінде оның осал емес екендігін, қыстың азулы тісінен, өзінің қайраған бізі әлдеқайда өткір екенің тілге тиек етеді. Жылқышы өзінің тағы бір артықшылығы ретінде еңбекті атап көрсетеді. Сол жылдардағы ұстанған саясатты еске түсірсек, шаруаның соның ішінде жылқышының ұлт көсемі Лениннің ұранын үндеп тұрғанға ұқсайды.

Совхоздың біз жұмысшы тірегіміз,
Қан таратар кеудеде жүрегіміз.
Баққан мал байдікі емес, өзімдікі,
Мүлікке социалдық иеміз біз, [2, 114 б.].

дейді жылқышы, яғни, осы сөздерден ақ қазақ даласында колхоздандыру саясатының сәтті тарағаны көрініп тұр. Қара аспанды қақ бөліп шыққан алтын күндей пайда болған Ленин халыққа оларды тозақтан алып шығатындай болып көрінді. Тоқшылықтың сәулесі көрінген тұста-ақ Ленинді піріндей көрген халықтың айнасы көрініп тұр бұл жерде. Лениннің халықтың зор ықыласына бөленуінің бірден бір себебі, бай мен кедей арасында қанаушы көпірдің жойылуында болып отыр. Ұзақ жылдар бойы болыс сымақтардың аяғының астында езіліп, олардың төсеніші болған адам баласының арманы не? Әрине, сол батпақтан шығып, олардың өзін сол балшыққа батыру. Қалай дегенменде, шаруа үшін сондай бір әділдіктің таңы Лениннің келуімен атқанын түсінеміз.

Айтыстың соңын:
Тарих таңдап сүйген ұлы Ленин –
Көсемді шын жүректен сүйеміз біз.
Қартаң шал «жетеу» түгіл он жеті бол,
Күресте біздің мықты жүрегіміз, [2, 114 б.].

деп аяқтайды. Шаруалардың Лениннің «ұлы» саясатынан тәтті сусынына масайраған секілді болып көрінеді.

Айтыстағы «жылқышы» образы өзгеше. Біздің пайымдауымызша, бұл жердегі «жылқышы» тек төрт түлікті бағатын, малдын сонында жүрген малшылардың жиынтық образы емес. Ол күллі саясаттандыру кезінде ащы терімен еңбектің нанын жеп жүрген күллі сол заманның сөзімен сөйлегенде машинист, веттехник, тракторист, даярка, сынды өндіріс күштерінің жиынтық образы. Себебі, жылқышы өзінің қазіргі ерекшелігін айтқанда, дамып жатқан теміржол, әуе ұшақтарын, су желісін, мылтық, оқ сынды заманының жетістіктерін тізіп тұрып көрсетеді. Соның бәрінің қозғаушы, жасаушы күші ретінде өзін атап, жалпы еңбекші қалың қазақтың атынан сөйлейді.

Ленин секілді оның шабармандарын мадақтауға арналған ақынның келесі өлеңі – «Қызыл ер» деп аталады. Ақынның ой иірімдеріне сүйінсек, қызылдар елге бақ орнатқан ерлер-мыс.

Сыртқы жауды шаныштап,

Ішкі жауды жаныштап,

Шаршамастан, талмастан,

Көзіңнің шырын алмастан,

Қорғадың отан – еліңді,

Күзеттің гран-шегіңді...[2, 117 б.], -дей келе,

Жасасын ерім, жасағың![2, 118 б.],- деп қызылдарға асқан мақтау мен мадақтарды жаудырады. Сол секілді:

Бақшасына советтің

Кім сұқса шошқа тұмсығын,

Қанына орап жерлейміз.

Ленин тіккен туымен.

Жеңеміз біз – пролетар... [2, 119 б.], - деген Ленинді ұрандаған советтік сананың айқын көріністерін көреміз.

Ақынның репетуарында табиғат лирикасы әдемі суреттелген. Қ.Жұмалиевтің «Алатау» өлеңінде таудың совет үкіметі орнағанға дейінгі және орнағаннан кейінгі хәл-жағдайына тоқталады. Аспан айналып жерге құласа да, сол қалпынша міз бақпай тұрған Алатауды жер бетіндегі өзгерістің куәгері ретінде көрсетеді. Қарт Алатаудың асусыз айбынды сұлбасы қазақ елімен болған барша қанды қырғындардың сырларымен қоса қыршын болған боздақтардың жандарын бауырында берік сақтап тұрғандай көрінеді. Жан бар, бірақ айтарға үні жоққа ұқсайды. Өзі алып болғанымен, қалың қапастың ішінде қалып қалған қаншама мұңды, қаншама зарды ішінде бүккен аянышты хәлінен сыр береді ақын. Сол Алатаудың аса бір зарлы, мүшкіл жағдайын көрсетіп, совет өмірі орнығаннан кейінгі көңілі орныққан қалпын суреттейді.

Бұл күнде қарт қабағы майда жазық,

Бұлт ойнайды төсін сүйіп, әлде наз қып.

Қарт шалың қайырымды ишарамен

Күлімдейді жазы, қысын бірдей жаз қып.

Бауырында колхоз, совхоз қайнап жатқан,

Тыр-тырлар трактор жер айдап жатқан.

Қолындай ай, қойынында күн, көңілі шат.

Еңбектің бауырында таңы атқан [2, 121 б.],- деген бір тамаша көріністі ұсынады. Еңбектенген қалың қазағының арқасында Алатаудың басына күн шыққанын көрсетіп тұр. Ақын табиғат лирикасын ұтымды пайдаланып Совет үкіметі орнап, елді былай қойғанда айналадағы жаңашыр табиғаттын гүлденген сәтінен хабар беріп тұр.

Еңбек ерін ардақтаған кезекті өлеңі – «Түрксиб». Сол баяғы ерінбес еңбек ері, боран болсын, жауын болсын, иығына бұттық балға мен қолға темір күрегін алып алып тыпыршып терлеп жұмыс атқаруда. Еңбекші әдеттегідей адал еңбек етіп, напақасын алуда. Өзгерген тек бір нәрсе – үміт. Ақынның көрсетуінше, еңбекші ауыр жұмыс жасағанымен, оны күліп орындайды, бұрынғыдай ашынып, алданып емес, жігерленіп, әріптестерімен қалжындасып орындайды. Оның себебі, совет үкіметінің берген келешектің сәулелі елесінде.

Қ.Жұмалиевтің «Машинист» өлеңі тек қиялдан туған туынды емес. Шын өмірде прототипі бар. Ақын өлеңді Қошақ Талиповтың өмірінің негізінде жазған. «Түрксибтің» кейіпкері теміржолды жөндеуші болса, машинист поездың жүргізушісі. Поездың ішінде небір түрлі адамдар бар. Кезіндегі қарапайым шаруалардың мүлдем ойына да келмеген мүмкіншіліктің арқасында зулап, ойлаған жерлеріне баруға жағдай жасалып отқанын сөз етеді ақын. Қошақ Талипов басқарған темір тұлпарын аман алып қалған машинист. Қате жүргізушінің

білместігінен немесе аңғаулығынан болған нәрсе емес. Керісінше машинисттің жоғары біліктілігін:

Тұрғандай өмір шойында,
Үңіле қарап шойынға,
Кірпік қақпай машинист
Жан-жағына көз салды.
«Тұлпарды күт, тілін біл,
Апаттан оны сақтай біл!»
Деген нарком бұйрығын,

Секунд сайын еске алды, [2, 128 б.], - деп дәл сипаттап береді. Бұдан машинисттің жолаушылардың өмірлеріне асқан жауапкершілікпен қарағандығы байқалып тұр. Осы білімі мен біліктілігінің арқасында алдында тұрған қауіп қатерді дер кезінде байқап, апатты болдырмаудың алдын алды. Міне, осындай қарапайым еңбекшінің жаңкешті ерлігі, ісіне адалдығы, жауапкершілігі, білімі мен біліктілігі қаншама адамның өмірін құтқарып қалды. Бұндай жағдай кез келген жұмысшының басынан өтуі анық. Сондықтан да, ақын бұл өлеңмен өскелең ұрпаққа жұмысына аса мұқият, тыянақты қарауға тәрбиелегендей болып көрінеді.

1941 жылы неміс әскерлері Совет үкіметінің жеріне басып кіргенде Қ.Жұмалиев совет елдерінің отаны Ленинградқа арнап өлең шығарады. Арнаудың атын «Алынбас қамал» деп атап, берік мықты қамал ретінде көрсетіп, қайтпас қайсарлығын, қаһарлы бейнесін Геркулестің адуын күшімен салыстырып суреттейді.[1, 17 б.]. Берік қамалдың бұзылмайтының сөз етіп, жаудың орданы алуға қауһары жетпейтіндігін ескертеді.

Ақын Қ.Жұмалиевтің жырлаған тақырыбының көпшілігі Совет өмірі жайында болғанымен, басқа да тақырыптарға қалам арнады. Оның «Махаббат пен достық» поэмасы ақындық жанның нәзік қатпарларын қозғап, олардың негізгі жырланатын тақырыптарына тоқталады. Ақындардың жырына өзек болатын тақырыптардың қатарында алдынды орынды махаббат, достық, туған жер, отан тақырыптары алатыны сөзсіз. Қ.Жұмалиев осы үш тақырыпты бір тұтастыққа айналдырды. Поэмаының негізгі кейіпкері Сағынайдың Ұлы Отан соғысы кезінде кешкен махаббат, достық сезімдері шығарманың арқауына айналады. Соғыс табыстырған талай тағдырлардың бірі Сағынай мен ұрыста бірге достықтың антын ішкен екі досы Иванов пен Тарастың оқиғасы аса үлкен шеберлікпен суреттеледі. Қажым Жұмалиев әдеттегі қалпында кейіпкерлердің көңіл толқының, жан тебіреністерін, тіпті оқиғаның шиеленіскен тұстарын табиғат құбылыстарын қатар қою арқылы тамаша бейнелеп көрсетеді. Мәселен,

Түн. Қараңғы, көргісіз түртсе көзге,
Салынып қатты тиым, сөйлер сөзге,
Келе жатыр бір танк еппен жүріп,

Тоғай жым-жырт, қимыл жоқ онан өзге»[2, 147 б.],-деп, қараңғылықпен бірге төңген қауіптің келе жатқандығын білдіртіп тұрғандығы көрінеді.

Сағынай - сол қараңғылықтың ошағында жүрген жүрегі махаббат пен достық деп соққан жас жігіт.Алдымен, қызының опасыздығынан жаралы болған жігіттің көңіл мұнынан сыр шертеді. Кейін соғыс басталып, арланып ашынған жігіттің қан майданға аттануы сөз болады. Сол майданда жандай жолдастарын кездеріп, олардың өлім құшуының, ауыр халдерінің куәгері болады. Кезекті бір жоспарланған ұрыстан кейін, үш достың біреуі қаза болады. Сағынайдың жар дегенде жалғыз жан досы Талас өлім аузында қалады. Жеуге наны, ішерге суы қалмаған екі дос қоршауда алты күндей уақыт өткізеді. Поэмаының негізгі тақырыбы болып отқан махаббат мәселесі, Сағынайдың қызға деген сезімі ғана емес. Ақын махаббаттың табиғатына әлдеқайда тереңірек үңілген. Бұл жердегі махаббат жігіттің досына, отанына, сертіне деген ыстық сезімі

ретінде көрініс табады. Отанына деген махаббаты жанқиярлық іс-әрекеттері арқылы көрінсе, досына деген адал махаббаты келесі бір шумақтардан байқалады:

Деп Сағынай жан досын сүйді барып,
Бой босап, Тарас көзге жасын алып:
- «Достыққа – достық!» қана қолда барым,
Жүрмегін бөтен ойлап, көңілің қалып.
Әмірін жүрегімнің ұсындым мен,
Өзің біл ендігісін...», - деді налып.
Достықты ғашығындай сүйген жанның,
Досы үшін күңірене күйген жанның,
Ардақтап таза жүрек, адал достық
Піріндей алдына бас иген жанның
Қансырап ауырмай ма ет жүрегі,
Көргенде адал достар ауыр халін?»[2, 169 б.].

Ақын тек достық махаббатын ғана емес, Сағынайдың досқа адалдығын, сертке беріктігін, жігіттік ар-намысынның көрінісін көрсетеді. Қан майданның талан талажына түскен жігіттің өзінің жеке басын қаумаламай, өлім аузында жатқан жолдасына пана болуы нағыз ерлік деп білеміз. Жігіттің досына деген адалдығы мен махаббатының мықтылығы сонша, қыз үшін кеудесінде от лаулаған қызғанышты дереу басып тастайды. Бірақ, сол қызғанышының өзі сонында негізсіз болып шығады. Түбінде, жігіттің үміті ақталып шайқаста жеңіс тауып, ауыр халдегі досына да көмек көрсетіледі. Осы бір көрініспен ақын махаббаттың да, достықтың да шын мәнісіндегі табиғатын ашып көрсетеді. Қ.Жұмалиевтің өзі айтпақшы:

Күншілдік, қызғаншақтық көзді байлап,
Достыққа қарсы әркімді салса да айдап.
Көңілінде көзі бар жан адаспас,
Жолынан ұят, ардың жатқан сайрап.
Сенем мен шын достықтың барлығына,

Бұған Тарас, Сағынай өмірі айғақ [2, 135 б.],- деп ақын расымен де, қалтықсыз, қаярлықсыз, тек шын достықтық керемет үлгісін көрсетті.

Ғалым ақындық шығармашылығында аударма ісімен де айналысты. Ақын Лермонтовтың «Корсар» атты поэмасын қазақшаға аударды. Жинаққа бұл аударма «Қарақшы» деген атпен енді. Аударма қарақшының атынан өзінің тағдыры жайынан сөз етеді. Жетімдіктің тауқыметін көріп өскен баланың, жалғыз жұбанышы – інісі болатын. Бірақ бұл бақыты да ұзаққа созылмай інісі көз жұмады. Құлазыған көңілін серік қылып үміт оты оны Грецияға жетеледі. Мақсаты ұрлықшы емес, қарақшы болу болса керек. Ақын мақсатына жетудегі қарақшының жолында кездескен табиғат ғажайыптарын, кейіпкердің көңіл толқындарын, ой иірімдерін кейіпкердің сөзімен бірлікте қиюластырып баяндайды. Әуелде басты кейіпкер бақытсыздық пен налы тағдырдың құлына айналғанына мойынсұнғандай болып көрінеді. Бірақ арманына жеткелі бері қарақшының өмірі жанына сая, дертіне шипа болған ұшқынды тапқандай болады. Сондай бір шытырман өмірінің даулы бір түңінде теңізден әлдебір белгісіз қайықты құтқарып алады. Сол қайықты ішіндегі жандардың біріне бас кейіпкер ессіз ғашық болып қалады. Поэма соңы сол бір белгісіз қайықты құтқарам деп, өмірдің талай толқының кешіп, ендігі жерде ғашықтықтың дертіне тап болған шарасыз қарақшының бейнесімен аяқталады. Ақын аударманы аяғын оқырманның шешіміне қалдырады. Философиялық сарындағы поэма кейіпкерінің мұңды тағдыры талай оқырманды толқытары сөзсіз.

Қ.Жұмалиевтің шығармашылығында жаңа бір тың бағыт пайда болды. Ендігі кезекте ол музыкалық-драмалық шығармалардың мәтінің жазумен айналыса бастады. Қажырлы еңбегінің нәтижесінде ол 1946 жылы Мұқаң Төлебаевтың «Біржан-Сара» операсының «Сал Біржан, ақын

Сара» либреттосын жазып шықты. Бірнеше мәрте редакцияланып 1956 жылы аталмыш жинаққа енді. Ақынның сәтті жазылған либреттосының үні 1946 жылдан бастап күні бүгінге дейін еліміздің түпкір түкпіріндегі театр сахынасынан сыңғырлап тұр.

Бұл ақынның қаламгер, ақын ретінде ерекше қабілеттілігін, сөз саптаудағы шеберлігін, асқан дарын иесі екендігін сөзсіз айқындап тұр.

Академик Қ.Жұмалиев ғылым, оқу-ағарту ісінде қандай үлкен жетістіктерге жетсе, шығармашылық қызметінде де сондай таңдамалы туындылардың авторы атанды. Атамыздың «Сегіз қырлы бір сырлы» жаны сөз өнерінің зергер ұстазы екенін дәлелдеп тұр.

Ақын шығармашылық қызметпен ұдайы үзбей айналысып тұрмағанымен, қандай мәнді, мағыналы, көркем оюлы сөз саптауларын қолданып, маңызды тақырыптармен жұмыс жасағанын көріп отырмыз.

Ұлы Октябрь революциясының тарихы, қазақ кедейлерінің қилы-қилы тағдырлары, жаңа өмір үшін еңбекші халықтың үздіксіз күресі мәселелері ақын шығармашылығының ауқымды бөлігін алады. Қарапайым шаруаны елдегі нендей саяси өзгеріс болса да соның ажырамас бөлігі ретінде және сол өзгерістердің зардабын шегуші ретінде көрсетеді. Ақынның жырлаған күрескер Сәлімі халыққа бұрыннан таныс образ. Ортамызда жүрген қарапайым көпті көрген, өмірден опық жеген көзінде сыры мол тип ретінде көрінеді.

Көркем шығарма – шын өмірдің айнасы. Иә, шығармаға ақын, қаламгердің тарапынан қосылатын қиялдың элементтері болуы қалыпты жағдай. Бірақ солай десек те, тұтас шығарманы ақын қиялынан туған туынды деуге болмайды. Жекелеген жанрлар (фантастика, детектив т.б.) болмаса, қалған қаламмен жазылған туындылардың негізінде бір шындық жатады. Тіпті, сол детектив, фантастика деп отқандарымыздың өзінде бір шындықтың бейнесін табасын. Сол секілді, ақын жырына арқау болған негізгі тақырып Октябрь көтерілісінің тарихта болған оқиға екенін ескерсек, қарапайым еңбекшілердің өмірінен сыр шерткен Қ.Жұмалиев образдарының шын өмірде прототипі болуы әбден мүмкін. Сондықтан да, ақынның бұл тақырыптағы шығармалары сол бір тарихи кезеңнің толық келбетін жасап шығуымызға үлкен септігін тигізетіні сөзсіз.

Ақын қаламын тербеген басқа да тақырыптардың жан тебіrentпеуі екіталай. Себебі, сол жырлардан белгілі бір философиялық сарынды, ой толғаныстарды байқаймыз. Өлендері баяу қарқынмен, қарапайым баянмен айтылған. Ақын әрбір қолданған сөзіне, сөз тіркесіне, сөйлеміне ноталарды үстеп беріп отқандай көрінеді. Оның сөз саптаудағы шеберлігіне арнайы бір бөлек жұмыстың арналуы сөз жоқ дұрыс шешім болары анық. Себебі, ақынның поэтик тілін зерттеп танудың әдебиетші қауымға тигізер септігі мол.

Ақынның ақындық шеберлігі жырланған дүниелерінің көркіне жаны сай әдемі формасынан байқалады. Шеберлігінің шындалуына біраз уақыт пен күштің жұмсалғандығы, ақынның өз жұмысын ыждағатты орындауынан байқалады.

Қорытындылай келе, біз ақын Қ.Жұмалиевтің қазақ әдебиетінің поэзиясын өндіріс, еңбекші халық, көтеріліс, аударма, табиғат лирикасы сынды тақырыптармен байытып, өте сәтті дамытқандығын айта аламыз. «Дарынды адам әр нәрседе дарынды» деген мақал Қ.Жұмалиев жайында айтылған болса керек. Қарап отырсақ, ол әдебиет ғылымының сын, тарих, теория салаларында, стильдің негізін қалауда, оқулықтар жасауда қажырлы, терең ғылыми ізденістерімен, құнды еңбектерімен танылған академик-ғалым. Енді міне, біз оның поэзия саласын да жетік меңгергеніне тағы бір мәрте көз жеткізіп отырмыз. Әйтсе де, Қ.Жұмалиевтің ақындық тіліне қатысты мәселелер көп ізденіс пен күшті қажет етеді. Сондықтан да, академиктің ақындық мұрасын зерттеу, зерделеу, танып-білу, тіпті мүмкін болса жинақтау біздің алдағы айқын мақсатымызға айналмақ.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Атымов М. Қажым Жұмалиев:(Өмірі мен творчестволық қызметі). – Алматы: Ғылым, 1987. – 160-б.
2. Жұмалиев Қ. Қырдағы күрес. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік Көркем әдебиет баспасы, 1957. – 228 бет.